www.aigak.kz
RESPỲBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
№23 /sársenbi/ 10 maýsym 2026 jyl

*Симпозиум*




## «АЛТЫН ОРДА – ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҮЛГІСІ: ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ, МӘДЕНИЕТ, БІРЕГЕЙЛІК»

Баршаңызға Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиумға қош келдіңіздер деп айтқым келеді. Ең алдымен, Астанаға арнайы келген қадірлі меймандарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Менің алдымда сөз сөйлеген атақты ғалымдар мен беделді халықаралық ұйымдардың өкілдеріне алғыс айтамын. Сөздеріңіз мағыналы, мазмұнды болды.

Алтын Орда – Еуразияның ұлан-ғайыр аумағын еркін жайлап, Ұлы дала төсінде билік құрған қуатты империя болғанына ешқандай тарихшы күмән келтірмейді, бұл – мойындалған тарихи дерек.

Алтын Орда Батыс пен Шығысты жалғап, түрлі өркениеттердің дамуына, мемлекеттердің қалыптасуына ерекше ықпал еткен аса ірі саяси құрылым болды. Бұл да – дәлелденген дерек. Сондықтан Алтын Орда тарихы көптеген іргелі зерттеулерге арқау болғаны анық.

Дегенмен бұл тақырып әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ, мейлінше, ешқашан жоғалтпайды. Бұл – ұлт жылнамасы мен әлем тарихы үшін өте маңызды мәселе. Біз халықаралық ғылым қауымдастығымен бірлесе отырып, осы тақырыпты жүйелі әрі жан-жақты зерделеу жұмысын жалғастыруымыз керек. Бірнеше күнге созылатын іс-шараның негізгі мақсаты да – осы.

Бұл тұста Қазақстанның бастамасына қолдау көрсеткені үшін ЮНЕСКО басшылығына ризашылығымды айтқым келеді. Бұл форумға қатысып отырған ЮНЕСКО-ның бұрынғы Бас директоры Одрэ Азуле ханымға алғысымды айтамын. Сіз Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы әріптестікті нығайтуға мол үлес қостыңыз.

Симпозиумның осындай беделді жаһандық ұйым аясында өтуі Алтын Орда мұрасының әлемдік ауқымдағы мән-мағынасы зор екенін көрсетеді. Бүгінгі жиынға ЮНЕСКО-ның жоғары деңгейдегі өкілі, Бүкіләлемдік мұралар орталығының директоры Элунду Ассомо Лазар мырза бастаған делегация қатысып отыр.

Жалпы, еліміз ЮНЕСКО-ның қолдауымен көптеген маңызды жобаны жүзеге асырды. Нақты айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тамғалы тас петроглифтері, сондай-ақ бірнеше көне қала бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді.

Сонымен қатар ұлтымыздың материалдық емес мәдени мұраларын дәріптеу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілді. Мәселен, былтыр ғана «Хандар шежіресі» деп аталатын бірегей қолжазба әлемдік деңгейде мойындалды. Бұл – ел билеген тұлғалар туралы мәліметтерді топтастырған, соның ішінде Алтын Орда кезеңін қамтыған құнды құжат. Сондықтан біз байланысымызды одан әрі дамытуға мүдделіміз. Бұл – өзара тиімді, маңызды шаруа.

Симпозиум Алтын Орда мен Ұлы дала тарихын зерделейтін түрлі мектеп өкілдерінің басын қосып отыр. Бұл – өте маңызды. Ұзақ жылдар бойы осы іргелі тақырыпты індете зерттеген ресейлік ғалымдардың рөлін атап өткен әділетті болар еді. Олар Алтын Орданың тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттайтын ғылымның мол қорын жинады. Сонымен қатар Алтын Орда тақырыбы бір ғана мемлекеттің шеңберінде шектеліп қалмай, Қытай, Моңғолия, АҚШ, Үндістан, Пәкістан...

*Жалғасы 4-ші бетте*

## ТҮРКІСТАН ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ГҮЛ ХАБЫНА АЙНАЛУҒА ҰМТЫЛУДА

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын іске асыру аясында Қазақстан мен



Қытай арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту, өңіраралық ынтымақтастықты кеңейту және экономикалық байланыстарды тереңдету мақсатында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров бастаған ресми және іскерлік делегация Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барды.

Бүгінде өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру, тікелей шетелдік инвестицияларды тарту, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, заманауи технологияларды енгізу және туризм саласын ілгерілету бағыттарына ерекше назар аударылуда. Бұл ретте Қытай Халық Республикасының жетекші компанияларымен, қаржы институттарымен және салалық қауымдастықтарымен ұзақ мерзімді, өзара тиімді әріптестік орнату көзделіп отыр.

Түркістан облысы агроөнеркәсіптік кешенді әртараптандыру және экспорттық әлеуетті арттыру бағытында жаңа бастамаларды қолға алуда. Соның бірі – өңірді Орталық Азиядағы гүл өндірісі мен саудасының ірі орталығына айналдыру жобасы. Осы мақсатта Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Қытай Халық Республикасына жасаған жұмыс сапары барысында әлемдік гүл индустриясында жетекші орын алатын Юньнань провинциясының өкілдерімен маңызды келіссөздер жүргізді.

Облыс әкімі Қытайдың гүл өсіру саласындағы беделді ұйымдарының бірі саналатын Куньмин гүл индустриясы сауда-өнеркәсіп палатасының төрағасы Лю Цзюньфэнмен кездесіп, гүл шаруашылығы, инвестиция, логистика және экспорт бағыттарындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады.

Юньнань провинциясының әкімшілік орталығы Куньмин бүгінде Қытайдағы ғана емес, әлемдегі ең ірі гүл өндірісі шоғырланған аймақтардың бірі болып саналады. Елде өсірілетін гүлдердің шамамен 80 пайызы осы өңірде өндіріледі.

*Жалғасы 5-ші бетте*

## ҚАЗАҚСТАНДА ҚОҚЫС ӨРТЕЙТІН ҮШ ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Қазақстанда жыл сайын шамамен 4,5 млн тонна коммуналдық қалдық түзіледі. Жергілікті атқарушы органдардың мәліметіне сәйкес, оның 30%-ға жуығы сұрыпталып, қайта өңделеді. «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасына сәйкес, 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 40%-ға жеткізу қажет. Осы мақсатта ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі жоспарлы жұмыс жүргізуде. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында ҚР ЭТРМ Қалдықтарды басқару департаментінің директоры Руслан Тукенов мәлімдеді.

Ол 2024 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен утилизациялық төлемдер есебінен жеңілдікпен қаржыландыру механизмі іске қосылғанын атап өтті. Бұл – қоқыс таситын көліктерді, сұрыптау желілерін және қайта өңдеу қуаттарын сатып алуға 15 жылға 3%-бен берілетін жеңілдікті несие. Бүгінде Министрлік жанындағы инвестициялық штаб жалпы сомасы 302,3 млрд теңгеге 61жобаны мақұлдады. «Жасыл даму» АҚ жалпы сомасы 113,6 млрд теңгеге 28 жобаны қаржыландырды. Осы соманың ішінен қарыз алушылар 89,9 млрд теңгені игерді. Өнеркәсіпті дамыту қоры 14 жобаны мақұлдады және олар қаржыландыру сатысында тұр. Сонымен қатар қазір Қорда қараудың II кезеңінде 9 жоба бар.



Сондай-ақ қараудың II кезеңінен өту үшін құжаттар дайындалып жатқан тағы 10 жоба қалды.

«Қалдықтардың қайта өңделмейтін фракцияларын кәдеге жарату мақсатында Астана, Алматы және Шымкент қалаларында 3 қоқыс жағатын зауыт салу жоспарлануда. Өткен жылы қытайлық инвесторлармен инвестициялар туралы тиісті келісімдерге қол қойылды. Инвестициялардың жалпы көлемі – 293 млрд теңге. Құрылыс мерзімі – 2 жыл. Жалпы алғанда, 3 зауыт тәулігіне 3600 тонна қалдықты кәдеге жаратып, кейіннен электр энергиясын өндіреді. Айта кетерлігі, бұл зауыттар өнеркәсіптік шығарындылар бойынша еуропалық директиваларға сәйкес келеді. Бүгінгі таңда жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары жүргізілуде», – деді спикер.

Халықты ынталандыру және мамандандырылған кәсіпорындарды қолдау мақсатында «Экоқолдау» төлемдер бағдарламасы екінші жыл қатарынан іске асырылуда. Бағдарлама іске қосылғаннан бері 92 шарт жасалды, оның ішінде 62-сі – қалдық жинаушылар, 20-сы – қайта өңдеушілер және 10-ы – толық циклді кәсіпорындар. Бүгінге дейін 2,7 млрд теңге төленді, оның ішінде 4,6 млн теңгесі 2024 жылы, 884 млн теңгесі 2025 жылы, 1,8 млрд теңгесі 2026 жылы берілді. Бағдарлама аясында 103,4 мың тоннаға жуық қалдық қайта өңделді. Былтыр бұл бағдарламаға түзілетін қалдықтардың негізгі үлесін жинап, шығаратын қоқыс шығарушы ұйымдар қосылды. Бұл бөлек жиналатын қалдықтардың көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны 2026 жылы іске асыруға 2,3 млрд теңге көзделген. Бұдан бөлек, Қазақстанда Қалдықтардың барлық түрін басқару жөніндегі 2026-2030 жылдарға арналған тұжырымдама жүзеге асырылуда. Құжат қалдықтарды басқарудың бірыңғай цифрлық жүйесіне көшуді және осы саладағы заңнаманы жетілдіруді қарастырады. 2030 жылға қарай радиоактивті қалдықтарды қоспағанда, қалдықтардың барлық түріне 100 пайыздық инвентаризация жүргізу, қайталама айналымға тартылған өнеркәсіптік қалдықтар көлемін 10%-ға арттыру, сондай-ақ полигондарға жіберілетін коммуналдық қалдықтар көлемін кемінде 10%-ға азайту жоспарлануда.

Қазір «Жасыл даму» АҚ-на Қалдықтарды басқарудың ұлттық орталығы мәртебесін беруді, сондай-ақ қалдықтарды инвентаризациялау механизмдерін жетілдіруді көздейтін заңнамалық түзетулер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қолданыстағы заңнамаға талдау жасалып, қалдықтардың қозғалысын мониторингтеудің өңірлік ақпараттық жүйелерін бірыңғай цифрлық платформаға интеграциялау іске асып жатыр.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# ЖАУЫН-ШАШЫНҒА «ЖАСАНДЫ ЖАҢБЫР» ЖОБАСЫНЫҢ ҚАТЫСЫ ЖОҚ



Соңғы кездері Түркістан облысында жауын-шашынның жиілеуіне байланысты әлеуметтік желілер мен түрлі ақпараттық алаңдарда бұл құбылысты өңірде жүзеге асырылып жатқан «Жасанды жаңбыр» жобасымен байланыстыратын пікірлер тарауда. Алайда жауапты мемлекеттік органдар мұндай ақпараттың шындыққа жанаспайтынын мәлімдеп, жауын-шашынның көбеюі табиғи синоптикалық процестердің нәтижесі екенін түсіндірді.

Мамандардың айтуынша, облыс аумағында соңғы уақытта байқалған жаңбырлы ауа райы атмосфералық циклондардың әсерінен қалыптасқан. «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының деректеріне сәйкес, өңірдегі жауын-шашын көлемі табиғи метеорологиялық жағдайлармен тікелей байланысты және бұл құбылыс тек Түркістан облысында ғана емес, еліміздің бірқатар өңірлерінде қатар тіркелген.

Ал көпшіліктің назарын аударған «Жасанды жаңбыр» жобасы Мемлекет басшысының жаңа технологияларды енгізу жөніндегі тапсырмасына сәйкес қолға алынған пилоттық бастама болып табылады. Жобаның негізгі мақсаты – жауын-шашын мөлшерін көбейту арқылы өңірдің климатын түбегейлі өзгерту емес, шөлейттену қаупін азайту, құм көшкіндерінің алдын алу, табиғи ылғалдылықты арттыру және су ресурстарын тиімді пайдаланудың заманауи тәсілдерін сынақтан өткізу.

Пилоттық жобаны іске асыру үшін Түркістан облысының таңдалуы да кездейсоқ емес. Соңғы жылдары өңірде құрғақшылық жиілеп, су тапшылығы күшейіп келеді. Бұл жағдай ауыл шаруашылығы саласына елеулі әсер етіп, экологиялық тепе-теңдікке қауіп төндіруде. Сондықтан тәжірибелік жұмыстар ең алдымен табиғи ресурстарды сақтауға және ауыл шаруашылығы алқаптарының өнімділігін арттыруға бағытталған.

Жобаны жүзеге асыру барысында Созақ ауданындағы Жуантөбе–Тасты аумағы мен Қызылқұм бағыты таңдалып, арнайы авиациялық жұмыстар жүргізілген. Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасына қарасты «Тұран су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры Қазыбек Бедебаевтың мәліметінше, 17 мамырдан бері төрт рет әуеге көтерілу жұмыстары ұйымдастырылған. Оның барысында алдын ала қалыптасқан бұлттарға арнайы реагенттер шашылып, атмосфералық ылғалдың шоғырлануына ықпал ету көзделген.

Мамандардың түсіндіруінше, қолданылатын технология жаңа бұлт қалыптастырмайды және ауа райын басқармайды. Жұмыстар тек табиғи түрде пайда болған бұлтты массивтерге ғана жүргізіледі. Арнайы ұшақтар бұлттардың қалыптасу аймағына көтеріліп, табиғи тұздарға негізделген экологиялық қауіпсіз материалдарды шашады. Бұл бөлшектер су тамшыларының бірігу процесін жылдамдатып, жауын-шашын түсу ықтималдығын арттыруға мүмкіндік береді.

Алайда мұндай әсердің ауқымы шектеулі. Реагенттердің бұлтқа ықпал ету радиусы шамамен 5 шақырымға дейін ғана жетеді. Сондықтан облыстың кең аумағын қамтыған немесе бірнеше өңірде қатар байқалған жауын-шашынды осы жобамен байланыстыру ғылыми тұрғыдан негізсіз деп бағаланып отыр.

Тәжірибелік жұмыстар Отырар ауданының солтүстік-батыс бөлігінде және Созақ ауданының орталық пен солтүстік аймақтарының жекелеген аумақтарында жүргізілген. Жұмыс орындары ауыл шаруашылығы алқаптарының ылғалға деген қажеттілігіне, нақты метеорологиялық жағдайларға және ауа райы болжамдарына сәйкес анықталған.

Жоба аясында тіркелген жауын-шашын тек жергілікті сипатта болған. Ал мамыр айының соңында облыстың түрлі аудандарында байқалған ұзақ мерзімді жауын-шашын табиғи атмосфералық процестердің нәтижесі саналады.

Сондай-ақ әлеуметтік желілерде жауын-шашынды жасанды ұлғайту жұмыстары мен ауыл шаруашылығы дақылдарында кездескен кейбір аурулар арасында байланыс бар деген пікірлер де тараған болатын. Бұл мәселеге қатысты құзырлы мемлекеттік органдар арнайы фитосанитариялық тексеру жүргізіп жатыр. Қазіргі уақытта өсімдік ауруларының нақты себептері ғылыми тұрғыда зерттелуде.

Жауапты мекемелер қолданылатын материалдардың халықаралық тәжірибеде кеңінен пайдаланылатынын және олардың адам денсаулығына, жануарларға, өсімдіктерге немесе қоршаған ортаға ешқандай зиян келтірмейтінін ерекше атап өтті.

Айта кетерлігі, аталған жоба мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылмайды.

Тәжірибелік жұмыстар Біріккен Араб Әмірліктерімен ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық аясында жүзеге асырылуда. Барлық шығындарды шетелдік әріптестер көтеріп отыр. Бұл бастама екі ел арасындағы достық қарым-қатынас пен инновациялық технологиялар саласындағы халықаралық тәжірибе алмасудың нәтижесі ретінде бағалануда.

Осыған байланысты Түркістан облысының әкімдігі тұрғындарды, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін және әлеуметтік желі қолданушыларын тек ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырып, расталмаған мәліметтерді таратудан сақ болуға үндеді.

# ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕРГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУДЕ

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Олжас Бектеновтің тапсырмасына сәйкес, Түркістан облысында отандық тауар өндірушілерді қолдау және қазақстандық өнімдердің сауда орындарындағы қолжетімділігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Осы мақсатта ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының талаптары жүзеге асырылуда. Қағидаға сәйкес, сауда объектілері отандық өнімдерді «Қазақстанда жасалған» арнайы маңдайшалары мен белгіленген сөрелер арқылы ерекшелеуге міндетті. Сондай-ақ қазақстандық өндірістегі тауарлар тұтынушыларға көрнекі әрі қолжетімді орындарға, яғни көз деңгейіндегі сөрелерге орналастырылуы тиіс.

Сонымен қатар сауда нысандарындағы азық-түлік және азық-түлік емес тауарларға арналған жалпы сауда алаңы мен сөре кеңістігінің кемінде 30 пайызы отандық өнімдерге бөлінуі қажет. Ішкі сауда субъектілері жоғары сұранысқа ие тауарлармен қатар «Қазақстанда жасалған» белгісі бар өнімдерді орналастыру арқылы кросс-сауда тәсілін қолдануға міндеттеледі.

Қазақстандық өндірушілер немесе отандық өнім жеткізушілер тарапынан жазбаша өтінімдер түскен жағдайда, сауда желілері қажетті сөре кеңістігін бөлуді қамтамасыз етеді. Ал мұндай өтінімдер болмаған кезде сауда объектілері Отандық өндірушілердің бірыңғай тізілімі негізінде сөрелерді қазақстандық өнімдермен басымдық тәртібімен толықтыру шараларын қабылдайды.

Аталған талаптарды іске асыру аясында Түркістан облысындағы сауда желілерінде отандық ірімшік өнімдеріне арналған «Қазақстанда жасалған» логотиптері бар арнайы маңдайшалар орнатылып, қазақстандық тауарларға басымдық берілуде. Бүгінде Magnum сауда желісінің сөрелерінде Natige, Эмир, Айс, Дони ЛТД, Майлыкент Сүт және Бурненский брендтерінің ірімшік өнімдері тұтынушылар назарына ұсынылған.

Өнімдердің арнайы белгіленген сөрелерге орналастырылуы сатып алушылардың назарын аударып, отандық тауарларды таңдауды жеңілдетеді. Бұл шаралар жергілікті өндірушілерді қолдауға, қазақстандық өнімдердің нарықтағы үлесін арттыруға және тұрғындардың сапалы отандық тауарларға қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.





# ЕЛ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ЕҢБЕК АДАМДАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Түркістан қаласындағы «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасында 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай «Патриоттар форумы» өтті. Елдік құндылықтарды дәріптеуге, отансүйгіштік рухты нығайтуға және қоғамның түрлі саласында табысты еңбек етіп жүрген азаматтарды ұлықтауға арналған маңызды жиынға Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев, облыстық мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, қоғамдық ұйым мүшелері, жастар және еңбек ардагерлері қатысты.

Салтанатты шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталып, Мемлекеттік Ту мен Елтаңбаға құрмет көрсетілді. Форум барысында ұлттық құндылықтарды насихаттау, мемлекеттік рәміздердің мәртебесін арттыру және жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру мәселелері кеңінен сөз болды.

Жиында сөз сөйлеген Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев қатысушыларды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, бұл мерекенің ел бірлігі мен тәуелсіздігінің айқын белгісі екенін атап өтті.

– Баршаңызды Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Тәуелсіз Қазақстанның Туы, Елтаңбасы мен Гимні – халқымыздың мақтанышы, мемлекетіміздің айбыны мен бірлігінің нышаны. Жыл сайын өткізілетін Патриоттар форумы ел дамуына елеулі үлес қосып жүрген азаматтарды көпшілікке үлгі етуге бағытталған. Бүгінгі жиында түрлі салада табысты еңбек етіп, өңірдің өркендеуіне үлес қосқан азаматтар марапатталады. Олардың қажырлы еңбегі мен кәсіби жетістіктері өскелең ұрпақ үшін өнеге болмақ, – деді Ертай Алтаев.

Облыс әкімінің орынбасары өңірде мемлекеттік рәміздерді кеңінен насихаттау мен жастарға патриоттық тәрбие беру бағытындағы жұмыстардың жүйелі түрде жалғасып жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, биыл Ордабасы, Мақтаарал және Сауран аудандарында жаңа Рәміздер алаңдарының пайдалануға берілуі – осы бағыттағы нақты жұмыстардың нәтижесі. Аталған нысандар жастардың бойында елге деген сүйіспеншілікті арттырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге қызмет етеді.

Форум барысында облыстық мәслихат төрағасы Нұралы Әбішов те сөз сөйлеп, мемлекеттік рәміздердің қоғамдағы орны мен маңызына тоқталды. Ол елдің тұрақты дамуы мен өркендеуіне адал еңбегімен үлес қосып жүрген азаматтарға алғыс білдіріп, олардың еңбегі әрдайым құрметке лайық екенін айтты.

Іс-шараның басты ерекшелігі – түрлі салада жоғары жетістіктерге жеткен еңбек адамдарын марапаттау рәсімі болды. Арнайы марапаттарға денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, құрылыс, кәсіпкерлік, спорт, төтенше жағдайлар және құқық қорғау салаларында қызмет етіп жүрген азаматтар ие болды. Олардың қатарында дәрігерлер, жедел жәрдем қызметінің жүргізушілері, мұғалімдер, мәдениет қызметкерлері, құрылысшылар, кәсіпкерлер, спортшылар, өрт сөндірушілер мен патрульдік полиция батальонының қызметкерлері бар.

Форумда марапатталған азаматтардың әрқайсысы өз ісіне адалдығымен, кәсіби шеберлігімен және қоғам алдындағы жауапкершілігімен ерекшеленеді. Олар күнделікті еңбегі арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, ел игілігі жолында қызмет етіп келеді.

Салтанатты жиын соңында қатысушыларға патриоттық рухты көтеретін концерттік бағдарлама ұсынылды. Өнерпаздардың орындауындағы отансүйгіштік тақырыптағы әндер мен музыкалық шығармалар көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, мерекелік кештің мазмұнын арттыра түсті.

Патриоттар форумы – қоғамдағы еңбек адамының мәртебесін арттырып, жастарды тәрбиелеуге бағытталған маңызды алаң ретінде өз маңызын тағы бір мәрте айқындады.

# БИЫЛ АЙМАҚТА 35 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

Түркістан облысында халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу және әлеуметтік қолдау шараларын күшейту бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауда. Осы мақсатта облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен кезекті мәжілісте Өңірлік жұмыспен қамту картасының орындалу барысы жан-жақты талқыланып, жауапты басқармалар мен аудан, қала әкімдерінің есебі тыңдалды.

Жиында өңір басшысы жұмыспен қамту көрсеткіштерін сапалы орындау, инвестициялық жобаларды уақытылы іске асыру және тұрақты жұмыс орындарын көбейту мәселелеріне ерекше назар аударды. Сонымен қатар жұмыссыздық деңгейін төмендету және халықтың табысын арттыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру қажеттігін атап өтті.

– 2026 жылға арналған жұмыспен қамту көрсеткіштері толық әрі сапалы орындалуы тиіс. Қосымша инвестиция тарту арқылы жаңа өндіріс орындарын ашып, тұрақты жұмыс орындарының санын көбейту қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар барлық деңгейде жүйелі жүргізілуі керек. Жұмыссыздықты төмендету бойынша нақты шаралар қабылданып, белгіленген индикаторлардың орындалуы қатаң бақылауда болады, – деді Нұралхан Көшеров.

Мәжілісте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Мекенхан Қозыханұлының баяндамасы тыңдалды. Оның мәліметінше, биыл облыс әкімдігі бекіткен Өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында жалпы 74 мың 516 жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның ішінде 54 мың 483 тұрақты және 20 мың 33 уақытша жұмыс орны қарастырылған.

2026 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша өңірде 35 мың 539 жұмыс орны ашылған. Оның 19 мың 100-і тұрақты, ал 16 мың 439-ы уақытша жұмыс орындары. Тұрақты жұмыс орындарына 14 мың 507 азамат жолданса, субсидияланатын жұмыс орындарына 16 мың 27 адам тартылған.

Жұмыспен қамтуды арттыруда ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламалардың да үлесі зор. Биыл облыста 284 инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыру арқылы 2 мың 465 жаңа жұмыс орнын құру көзделген. Қазіргі таңда 105 жоба іске асырылып, нәтижесінде 935 азамат тұрақты табыс көзіне ие болған.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының «10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орны» бастамасы шеңберінде өңірде 4 мың 70 жұмыс орны ашылып, тұрғындардың еңбекпен қамту көрсеткіштері жақсарған.

Облыста халықты жұмыспен қамтудың белсенді шаралары да қарқынды жүзеге асырылуда. Жыл басынан бері 16 мыңнан астам азамат субсидияланатын жұмыс орындарына жолданған. Атап айтқанда, жастар практикасы, әлеуметтік жұмыс орындары, қоғамдық жұмыстар, алғашқы жұмыс орны және «Күміс жас» жобалары арқылы мыңдаған тұрғын еңбек нарығына тартылды. Бұл бағдарламалар жұмыс тәжірибесі жоқ жастарға, жұмыссыз азаматтарға және зейнет жасына таяған тұрғындарға қолдау көрсетуде маңызды рөл атқарып отыр.

Мәжілісте әлеуметтік қолдау шараларының орындалу барысы да сараланды. Биыл облыс бойынша 59 мыңнан астам адамды атаулы әлеуметтік көмекпен қамту жоспарланған. Қазіргі таңда 42 мың 771 адамға немесе 6 мың 875 отбасына мемлекеттік әлеуметтік көмек тағайындалған. Нәтижесінде өңірдегі кедейлік деңгейі 2 пайыз деңгейінде сақталып, жоспарланған көрсеткіштердің орындалуы қамтамасыз етілген.

Күн тәртібінде ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасының жүзеге асырылу барысы да қаралды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2026-2029 жылдары жобаға 217 мыңнан астам ауыл тұрғынын тарту жоспарланып отыр. Биыл осы мақсатқа республикалық бюджеттен 15,3 миллиард теңге бөлініп, 1115 кәсіпкерлік жобаны қаржыландыру және 1400 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген.

Жоба ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына, жеке шаруашылығын кеңейтуіне және тұрақты табыс көзін қалыптастыруына мүмкіндік береді. Сонымен бірге ауылдық жерлерде жаңа өндіріс орындарын ашып, экономикалық белсенділікті арттыруға ықпал етпек.

Мәжіліс қорытындысында облыс әкімі жұмыспен қамту көрсеткіштері төмен аудан-қалалар мен жауапты басқармаларға сын-ескертпелер айтып, межеленген индикаторлардың орындалуы бойынша жауапкершілік күшейтілетінін ескертті.

# ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ КҮШЕЙТІЛДІ

Түркістан облысында жазғы өрт қауіпті кезеңге дайындық жұмыстары күшейтіліп, орман және дала өрттерінің алдын алу бағытындағы кешенді шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Өңірде табиғи өрттердің алдын алу, төтенше жағдайлардың салдарын азайту және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күштер мен құралдардың әзірлігі тұрақты бақылауға алынған.

Осы бағыттағы жұмыстардың барысы Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде жан-жақты талқыланды. Жиында жауапты басқармалар мен мекемелердің басшылары атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жөнінде есеп берді.

Облыс басшысы орман және дала өрттерінің алдын алу шараларын күшейтуді, бекітілген жоспарлардың уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен қатар өрт қауіпті маусымда күштер мен техникалардың дайындық деңгейін арттыру, қажетті жанар-жағармай қорын жасақтау және тәуекелі жоғары аумақтарды тұрақты бақылауда ұстау жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

Биыл өңірде орман, дала және егістік алқаптарында өрттің таралуын болдырмау мақсатында жалпы ұзындығы 9 602,49 шақырым болатын минералданған жолақтар жүргізу жоспары бекітілген. Қазіргі таңда аталған жұмыстардың бірінші кезеңі толық орындалып, жоспар 100 пайызға жүзеге асырылды. Бұл өрттің таралу қаупін төмендетуге мүмкіндік беретін маңызды профилактикалық шаралардың бірі саналады.

Өрт қауіпті кезеңге дайындықты пысықтау мақсатында биылғы жылдың 28-29 мамыр күндері өңірде республикалық «Өрт-2026» командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді. Оқу-жаттығу барысында төтенше жағдай туындаған кездегі мемлекеттік органдардың, өрт сөндіру қызметтерінің және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы тексеріліп, практикалық дағдылар жетілдірілді.

Аппарат мәжілісінде облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Бағдат Чайзада өңірдегі дайындық деңгейі туралы баяндады. Оның айтуынша, орман және дала өрттерін сөндіру үшін департамент тарапынан 340 қызметкер, 70 арнайы техника және бір тікұшақ жұмылдырылған. Сонымен қатар әуе техникасының су алуына арналған 10 арнайы орын белгіленіп, пайдалануға дайындалған.

Қазіргі уақытта облыс аумағындағы 12 орман шаруашылығы мекемесі өрт қауіпті маусымға толық дайындық жағдайына көшірілген. Орман қорын қорғау бағытында қажетті техникалар мен құрал-жабдықтар жаңартылып, бақылау күшейтілген.

Жыл басынан бері өңірде орман өрттері тіркелмеген. Бұл алдын алу жұмыстарының нәтижелілігін көрсетеді. Дегенмен мамандар қауіптің толық сейілмегенін айтып, тұрғындарды өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақыруда.

Өрт қауіпті маусым басталғалы бері заң талаптарын бұзған тұлғаларға қатысты 95 әкімшілік шара қолданылған. Бұл бағыттағы рейдтік жұмыстар мен түсіндіру науқандары тұрақты жалғасуда.

Шалғай елді мекендердің қауіпсіздігін арттыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы да өз тиімділігін көрсетіп келеді. Бағдарлама аясында 2025 жылдан бастап облыста 10 өрт сөндіру пункті ашылған. Бүгінде аталған пункттердің көмегімен 25 өрт және жану оқиғасы дер кезінде сөндіріліп, құтқару жұмыстары жүргізілген.

Түркістан облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы Санжар Бурлибаевтың мәліметінше, өңірде 37 маусымдық өрт бекетін құру жоспарланған. Қазіргі таңда оның 33-і жұмысын бастап, қажетті техникамен және мамандармен қамтамасыз етілген.

Табиғи аумақтарды қорғау мақсатында бірқатар заманауи технологиялар енгізілуде. Соның ішінде «Сайрам-Өгем» ұлттық мемлекеттік табиғи паркінде өртті ерте анықтау жүйелерін орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жүйелер өрт ошақтарын бастапқы кезеңінде анықтап, жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Жалпы облыстың орман қоры аумақтарында өртке қарсы күреске арналған материалдық-техникалық база нығайтылған. Бүгінде 39 өрт сөндіру автокөлігі, 12 трактор, 25 патрульдік көлік, 52 тіркеме, 71 қосалқы техника, 7 мотоцикл, 6 мобильді өрт кешені және 1 552 өрт сөндіру құралы дайын тұр.

Сондай-ақ мемлекеттік өрт сөндіру бөлімшелері жоқ елді мекендерде 2 648 адамнан тұратын 14 ерікті өрт сөндіру құрылымы жасақталған. Бұл құрылымдар төтенше жағдайлардың алғашқы кезеңінде жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Жазғы маусымда өрт қаупінің артуына байланысты облыста кезеңдік іс-шаралар жоспары бекітіліп, оның орындалуы тұрақты бақылауға алынған. Мамандардың айтуынша, табиғи өрттердің алдын алуда мемлекеттік органдардың ғана емес, тұрғындардың да жауапкершілігі маңызды. Сондықтан әрбір азамат өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтап, табиғатты қорғауға өз үлесін қосуы қажет.

Түркістан облысында орман мен дала өрттерінің алдын алу және төтенше жағдайларға дайындық жұмыстары алдағы уақытта да күшейтілген режимде жалғасады.

# ТҮРКІСТАННЫҢ МӘДЕНИ ӘЛЕУЕТІ МЕН ТУРИЗМІН ДАМЫТУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Түркістан облысында мәдениет пен туризм салаларын дамыту мәселелеріне арналған маңызды кездесу өтті. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің аппарат басшысы Ринат Мұхаметқали өңірге жұмыс сапарымен келіп, мәдениет және туризм саласының қызметкерлерімен жүздесті. Басқосуға облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев қатысып, жиынды ашып, жүргізді.

Кездесу барысында Түркістан өңірінің мәдени әлеуетін арттыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау, туризм саласының бәсекеге қабілеттілігін көтеру, мәдени инфрақұрылымды жетілдіру және рухани құндылықтарды насихаттау бағытындағы өзекті мәселелер жан-жақты талқыланды.

Жиында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев Түркістанның еліміздің рухани әрі мәдени орталығы ретіндегі ерекше орнына тоқталды. Оның айтуынша, қасиетті өңірде мәдениет пен руханиятты дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүзеге асырылып келеді.

– Ежелгі өркениет пен руханияттың бесігі саналатын Түркістан бүгінде халықаралық деңгейдегі маңызды бастамалардың орталығына айналып отыр. Соңғы жылдары өңірде мәдениет саласын дамытуға ерекше көңіл бөлініп, көптеген жобалар жүзеге асуда. Жақында ғана Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтті. Алдағы уақытта Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің білім және ғылым министрлері мен жоғары сот төрағалары Түркістанда бас қосады. Сонымен қатар 2027 жылы Халықаралық ИСЕСКО ұйымының шешімімен Түркістан ислам әлемінің мәдени астанасы мәртебесіне ие болады. Бұл – өңірдің ғана емес, тұтас еліміздің халықаралық беделін арттыратын маңызды оқиға, – деді ол.

Кездесуде облыстың мәдениет саласындағы жетістіктері де кеңінен сөз болды. Өткен жылы аудан-қалаларда алты мәдениет үйі пайдалануға берілсе, биыл тағы он мәдениет нысанының құрылысы жүргізіліп жатыр. Бұл мәдени инфрақұрылымды нығайтып қана қоймай, ауыл тұрғындарының рухани сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары өңірдегі мәдениет мекемелерінің жұмысы жанданып, шығармашылық ұжымдардың жетістіктері арта түскені атап өтілді. Облыстық мәдениет ұйымдары республикалық және халықаралық байқауларда Түркістанның абыройын асқақтатып, жүлделі орындардан көрініп келеді. Театрлар көрерменге жаңа қойылымдар ұсынып, концерттік ұйымдар мазмұнды мәдени кештер ұйымдастыруда.

Мәдениет саласындағы жетістіктердің бірі ретінде «Конгресс холл» жанындағы «Алқоңыр» ансамблінің Еуропа елдерінде өнер көрсетіп, қазақ мәдениетін шетел жұртшылығына кеңінен танытуы аталды. Сонымен қатар Түркістанда халықаралық деңгейдегі өнер фестивальдері, қолөнер жәрмеңкелері мен мәдени шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл бастамалар өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға да оң әсерін тигізуде.

Басқосу барысында туризм саласын дамыту мәселесіне де ерекше назар аударылды. Қатысушылар тарихи-мәдени нысандарды тиімді пайдалану, туристік қызмет сапасын жақсарту, ішкі және сыртқы туризмді дамыту бағытында өз ұсыныстарын ортаға салды. Сондай-ақ цифрлық технологияларды енгізу, халықаралық тәжірибені пайдалану және туристерге қолайлы жағдай жасау мәселелері сөз болды.

Кездесу соңында қатысушылар мәдениет пен туризм салаларын дамыту жолында бірлескен жұмыстарды жалғастырып, Түркістанның рухани және мәдени әлеуетін одан әрі арттыруға күш салатындарын жеткізді. Елдің рухани қазынасын байытып, тарихи мұрасын дәріптеу жолындағы мұндай бастамалар өңірдің дамуына серпін беріп, Түркістанның халықаралық деңгейдегі мәдени орталық ретіндегі мәртебесін нығайта түсетіні атап өтілді.

**Бетті дайындаған:**
**Арайлым ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.**

Симпозиум

# «АЛТЫН ОРДА – ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҮЛГІСІ: ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ, МӘДЕНИЕТ, БІРЕГЕЙЛІК»

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Жапония, Қырғызстан, Өзбекстан, Мысыр және бірқатар Еуропа елдері зерттеушілерінің назарын аударып, бүкіл әлемді шарлап кетті десек болады.

Түптеп келгенде, Алтын Орда жылнамасы – адамзатқа ортақ тарих. Бүгін өтіп жатқан бірегей симпозиум әлемдік ауқымдағы мұраны жүйелі зерттеу жұмысын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп сенемін. Осы жерде отырған ғалымдар мен сарапшылар бұл міндетті іске асыруға елеулі үлес қосуда. Бұл маңызды жұмыста сіздер оң нәтижеге қол жеткізесіздер деп сенемін.

***Құрметті симпозиумға қатысушылар!***

Қазақстан Алтын Орда тарихын әлемдік жылнаманың күрделі, сан салалы кезеңі ретінде қарастырады. Өйткені бұған атүсті қарауға болмайды. Олай болған жағдайда әлемдік тарихтағы осындай бірегей құбылысқа қатысты ұстаным өзгереді. Ал ол мемлекеттер мен халықтар арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсіруі мүмкін. Өкінішке қарай, әлемдік маңызы бар ірі тарихи оқиғаларды бұрмалаған мысалдар қазір де кездеседі.

Геосаяси ахуал құбылып тұрған бүгінгідей заманда соғыстардың қасіретті хронологиясына байланып қалмай, адамзат тарихындағы жасампаз кезеңдер мен диалог алаңдарының нәтижелі сәттеріне мән берген жөн.

Әлбетте, бұл оңай міндет емес. Себебі тарлан тарихтың бағзы дәуірлерден бастап қазіргі дейінгі шежіресінде соғыстар мен қарулы қақтығыстар өте көп кездеседі. Мұндай көріністің қалыптасуы да түсінікті: бейбіт күндегі күйбең тіршілікті силердің жорығы мен дарынды қолбасшылардың ерліктері сақталатынын жоғарыда айтып өттім.

Расында, соғыстардағы аңызға айналған жеңістер адамдардың рухын оятады. Ал тағдыршешті мәні уақыт өте келе байқалатын институционалды жаңашылдықтар мен озық идеяларға көпшілік селт ете қоймайды. Оған әлі күнге дейін Ұлы дала тарихының шексіз шайқастар мен ұрыстар ретінде бұрмаланып көрсетілуі нақты мысал бола алады.

Мұндай сыңаржақ ұстаным Ұлы даланың, әсіресе, Алтын Орданың күрделі, көп қатпарлы өмір салтын әскери шежірелердің ойдан шығарылған өлшемдеріне салып, тарихи шындықтан алыстатады, оқиғаларды көмескілендіре түседі.

Қазіргі ғылымның жоғары пәнаралық даму деңгейі Алтын Орда тарихын объективті зерттеу үдерістерін жетілдіруге мүмкіндік береді деп санаймын.

Бүгінгі жиында аталған кезеңді зерттеп жүрген беделді ғалымдар бас қосып отыр. Осы орайда Алтын Орда тарихын пайымдау перспективасын кеңейтуге көмектесетін бірқатар ғылыми ізденіске байланысты өз ойымды қысқаша жеткізгім келеді.

**БІРІНШІ.**
*Зияткерлік мұраны зерделеу.*

Алтын Орда феноменін мыңдаған жыл бойы Еуразия жүрегінде қалыптасқан бай интеллектуалдық кеңістіктен бөліп қарай алмаймыз. Орта ғасырларда Ұлы дала озық идеяларды ұсынған әлемдік орталықтардың біріне айналғаны мәлім.

Орталық Еуразиядағы көшпелілер тіршілігінен, түркі-моңғол мұраларынан, ислам дәстүрлерінен және христиан қауымдастығына жататын халықтардың дүниетанымдық қағидаттарынан нәр алған ақыл-ойдың құнарлы топырақта қанат домбыраның шанағынан шыққан Ұлы Даланың үні, ұлтымыздың рухани байлығы.

Кетбұға, Асан Қайғы, Шалкиіз және Доспамбет секілді жырауларды мұрасы біздің аймаққа тән дәстүрлі өнер жанрында бүгінге дейін жеткені кездейсоқ емес. Сол кезеңдегі жырларда (Ер Едіге, Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын) батырлардың ерлік жолы мен тарихи оқиғалар тізбегі жиі баяндалады. Бұл – қазақ, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ және басқа да халықтардың ортақ қазынасы.

Осы зияткерлік және рухани сабақтастық сан ғасырларды көктей өтіп, хакім Абайдың шығармаларынан көрініс тапты. Ұлы ойшыл «Толық адам» тұжырымдамасы арқылы кемеңгер тұлға тәрбиелеудің формуласын ұсынды. Оның өзегінде «нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» ұштағаны тұр.

Сондықтан Ұлы даланың интеллектуалдық мұрасын табиғи түрде қалыптасқан, біздің өңірге тән идеологиялық субстанция ретінде атасақ, артық болмайды. Осынау рухани қазынаның бүкіл әлем үшін маңызы зор. Бұл – біртұтас философиялық, идеологиялық мұра. Қазақстан осы идеялық құндылықтарды бағдар етуге және оны жан-жақты дәріптеуге ниетті. Сол үшін «Al-Farabi», «Qoja Ahmet Yasaui» ордендерін мемлекеттік марапаттар тізіміне енгіздік. Бұл жоғары наградалар ғылым мен руханиятты дамытуға айрықша үлес қосқан тұлғаларға, соның ішінде шетелдік ғалымдарға, саяси және қоғам қайраткерлеріне табысталады.

Таяуда ғана елімізге мемлекеттік сапармен келген Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған «Qoja Ahmet Yasaui» орденінің тұңғыш иегері атанды. Осылайша, біз тарихи тағдыры ортақ туысқан халықтардың келешегі жолындағы ақыл-ой еңбегі мен ырысты ынтымақтың маңызды дипломатиялық байланыс орнатты.

Жалпы, тарихта «Ұлы дүрбелең» деген атпен қалған саяси дағдарыс кезінде де Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесі сыр берген жоқ, яғни, тұрақтылығын сақтап қалды. Бұл жүйені кейін Еуразия аймағындағы көптеген мемлекет басшылыққа алғаны баршаңызға мәлім.

**ҮШІНШІ** өзекті мәселе. Алтын Орданың экономикалық құрылымын жан-жақты зерттеген жөн. Баршамызға белгілі, ежелдегі Месопатамия, Мысыр, Қытай, Үндістан өркениеттері көп жағдайда өзен айналарын игеру арқылы қалыптасты. Ал Ұлы дала мүлде басқа тарихи даму жолынан өтті.

Осыдан бес мың жыл бұрын қазіргі Қазақстанның солтүстігінде орналасқан Ботай жерінде адам баласы ең алғаш рет жылқыны қолға үйретті. Бұл әлем тарихына түбегейлі жаңа сипат берген оқиға болды. Атқа міну мәдениетімен қатар дала өркениетінде стратегиялық ойлау қабілеті және мейлінше қолайлы өмір сүру салты пайда болды.

Осылайша, Алтын Орда Еуразияның ұлан-ғайыр даласындағы барлық негізгі көлік, сауда және гуманитарлық байланыстарды бақылауда ұстап, салт атты көшпенділер өркениетінің ең биік шыңына көтерілді. Бұл орайда, көшпенділік пен отырықшылық салтының үйлесім табуы Алтын Орданың тарих сахнасына жарқырай шығуының бірден-бір себебі болды деуге толық негіз бар.

Түптеп келгенде, Алтын Орда көшпенділер өмірін, қалаудағы қолөнер мәдениеті мен сауда жолдарын өзара тығыз байланыста дамыту арқылы тұрақты ақша және салық жүйесі бар, экономикасы дамыған ел ретінде қалыптасты.

Көптеген беделді ғалымдардың паттағаннан гөрі қан майдандағы бітіспес ұрыстарды жазған әлдеқайда жеңіл. Айтпақшы, Лев Толстойдың атақты «Соғыс және бейбітшілік» романы – бейбітшілікті емес, соғысты егжей-тегжейлі суреттеген шығарма.

Әлемдік қоғамдастық тарихи жолайрықта тұр. Өркениетті таңдау алдындағы сындарлы сәтте ортақ тарихымызды халықтарды біріктіретін фактор ретінде ұсыну үшін беделді, кәсіби ғалымдардың күшін бір арнаға тоғыстырған дұрыс. Бұл орайда тарихқа әділ әрі саяси тұрғыдан бейтарап баға беру маңызды. «Тарихты жеңімпаздар жазады» деген қағидаттың ғылымға қарсы сипатын ұмытпаған жөн. Яғни жеңімпаздарды жазғыруға болмайды, әлем тарихының төрінен орын алып, зерттеушілердің мақтау-мадағына ие болады. Ал шағын және орта мемлекеттер, соның ішінде майданда жеңіліс тапқан елдер тарихтың тасасында қалады.

Қазақстанда саясаттың пайдасы үшін көшпелі халықтарды жабайы, бей-берекет, тарих шеңберінен тыс күш ретінде көрсетіп, қуатты дала империяларын «мемлекет деңгейіне жете алмаған» деп төмендететін ескі догмалар мен қасаң көзқарастарды қайта қарау үдерісі басталып кетті.

Бұл ретте біз шынайы тарихнаманы қалпына келтіре отырып, өткенді әсірелеуден аулақпыз. Тарих өзіне тәнті болған жалған әрекеттерді, ортақ мұраны жекелеген халықтың қанжығасына байлап беруді кешірмейді.

Кереғарлықтар мен кедергілерге толы бай тарихымызды біржақты түсіндіруге қойылатын талап ғылымның құлдырауына және өзара сенімнің жоғалуына әкелетін тұйыққа тірейді.

Сонымен қатар кәсіби тарихшылар қауымдастығында «жұмсақ күш» пен ғылыми дипломатияның өкілдері де бар. Олар саясаткерлер қамал тұрғызатын жерде көпір салуға қабілетті. Тарихшылардың миссиясы қазіргі алмағайып кезеңде маңызды болып тұр.

Алтын Орда дәуірі отандық тарихымыздың маңызды бөлігі, сонымен бірге біз бұл кезеңді ауқымды өркениет парадигмасы тұрғысынан қарастырамыз.

Көптеген халықтың тарихи жадында реформаторлар мен көрнекті ойшылдардың қалыпты тіршілігіне қарағанда, билеушілердің жаюы заңды еді. Бұл идеялар эволюциясы үздіксіз жүрген кезең еді. Әр ғасыр Ұлы даланың ақыл-ой кенін байытып, жаңа құндылықпен толықтырып отырды.

Осы терең сабақтастықты түйсінбей, Алтын Орданың өркендеу сырын объективті бағалау қиын. Әлбетте, бұл орайда Алтын Орданың негізі қаланғанға дейінгі кезеңдерде өмір сүрген әйгілі ойшылдардың ғылыми, философиялық, әдеби мұраларының мән-маңызы зор.

Ең алдымен, тарихта Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атымен мәлім әлемдік философияның негізін қалаушылардың бірі – Әбу Насыр әл-Фарабидің орны ерекше. Ол «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында әділдіктен айнымау, білімге құштарлық және адамгершілік қасиеттерді шыңдау арқылы баршаға бірдей игілікке қол жеткізуге болатынын жан-жақты айтқан. Оның ойлары түрік, мұсылман әлеміндегі кейінгі саяси-философиялық дәстүрлерді түсінуге маңызды бағдар болды.

Ұлы даланың зияткерлік мұрасында ғұлама Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы дараланып көрінеді. Ол жалпыға ортақ мұсылман құндылықтары мен жергілікті рухани дәстүрлерді үйлестірген «түркілік исламның» бастауында тұрды. Шын мәнінде, ол Ұлы дала халықтарына қазіргі дүниетанымымыздың өзегіне айналған мүлдем жаңа идеологиялық доктрина ұсынды.

Ясауи хикметтері – Ұлы даланың мәдени коды. Ал ғұламаның Түркістандағы кесенесі – ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген нысан. Түркістан шаһары ғасырлар бойы өңірдің басты рухани және саяси орталығы болды. Қазіргі таңда ол түркі дүниесінің қасиетті қарашаңырағы саналады.

Әл-Фараби, Ясауи және басқа да әйгілі ойшылдар ілімінің Алтын Орда тұсында одан әрі дами түсуі заңдылық. Мәселен, түркі тілі, исламның кітаби дәстүрлері мен даланың сан ғасырлық даналығы дәл осы кезеңде бір-бірімен бite қайнасып, идеологиялық тұрғыдан ауқымы кеңейді. Бұл Алтын Орда кезеңінің әдебиетінде көрініс тауып, түркі халықтарының сөз өнері қанат жайған кезең ретінде бағаланады.

Халқымыз үшін Алтын Орда дәуірінен бүгінге дейін жеткен «Ақсақ құлан» күйінің символдық мәні зор. Биыл күйдің шыққанына 800 жыл толады. Бұл аңыз – екенін айрықша атап көрсетеміз.

**ЕКІНШІ** маңызды мәселе. Меніңше, Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесін мұқият зерделеу қажет. Жошы ұлысының дәуірлеп тұрған кездегі аумағы 6 миллион шаршы шақырымды алып жатты. Тіпті, Рим империясының ең айбынды кезеңінде мұндай жер көлемі болмаған. Кейбір тарихшылардың пікірі бойынша, Алтын Орданың Дала Римі деп аталуы да – осыдан. Бірақ алып империяның қуаты жерінің көлемінде емес, оның институционалдық негізі, яғни, мемлекеттік басқару жүйесінің мықты болуында еді.

Жошы ұрпақтары Ханъ немесе Габсбург династиялары секілді ғасырлар бойы, яғни, 600 жылдан астам уақыт Ұлы дала төсіндегі түрлі мемлекеттік құрылымдарға билік жүргізді.

Бұл Жошы ханның ұрпақтары құрған мемлекет жүйесі тұрақты әрі өміршең болғанын көрсетеді. Соның арқасында әртүрлі этнос пен дін өкілдері тату-тәтті өмір сүрді.

Алтын Орда дәуірінде Дала заңы мен ислам құқығының үйлесімді жүйесі қалыптасты. Ал қоғамдық тәртіп қағидатының бастауында Түрік қағанатының құқықтық мәдениеті мен Шыңғыс ханның «Ұлы жасақ» заңы тұрды. Заң үстемдік құрған алып империяның әр түкпірінде адамның және оның мал-мүлкінің қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілді. Бұл – қоғамдық тәртіп болды деген сөз.

Бұдан бөлек, Алтын Орда заманында озық іс жүргізу жүйесінің болғаны туралы нақты тарихи деректер бар. Сондай-ақ Құрылтай институты дала демократиясының бірегей үлгісі ретінде қызмет етті.

Ұлыстың әлеуметтік құрылымы айқын әрі тұрақты болса да, қоғамда қатып қалған қағида емес, әділдік басты рөл атқарды. Әскерде және мемлекеттік аппаратта темірдей тәртіпке, мінсіз қызмет пен меритократия қағидасына ерекше назар аударылды. Мұның бәрі алып державаны мекен еткен барлық этнос және түрлі топ өкілдеріне мол мүмкіндік берді.

Осылайша, ұтымды ішкі және сыртқы саясаттың арқасында қоғамда тұрақтылық сақталды, мемлекет те өсіп-өркендеді. Алтын Орда Мысыр мәмлүктерімен, Ватиканмен, Византиямен, Осман империясымен және Еуропа елдерімен тығыз пікірінше, қазір Алтын Орданың ақша жүйесінде мән-маңызы айрықша жаңалықтар ашылып жатыр. Археологтар осы кезге дейін беймәлім болып келген ондаған тиын сарайын тапты. Мамандардың айтуынша, нағыз өрлеу кезеңінде Алтын Ордада шамамен 28 миллион күміс тиын соғылған.

Қазіргі таңда мемлекеттік және жеке қордағы сол дәуірге тиесілі тиындардың жалпы саны бір миллионға жетеді. Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге атауы ұлыстың «данг» сөзінен тамыр тартады. «Деньги» сөзінің түбірі де осы ұғымнан тараған болуы мүмкін. Бұған жай ғана лингвистикалық сәйкестік ретінде қарауға болмайды. Бұл – кең байтақ аймағымызда пайда болған ақша жүйесінің Алтын Орда заманында жасалғанын көрсететін нақты дәлел.

Алтын Орда Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағын түгел бақылауда ұстап, даланы қауіпсіз тасымал дәлізі ретінде дамытты. Жошы Ұлысының аумағы арқылы жыл сайын мыңдаған тонна тауар өтіп жатты. Атап айтқанда: Қытайдан – жібек, Үндістаннан – дәмдеуіштер, Ресей жерінен – тері өнімдері, Еуропадан, Таяу және Орта Шығыс елдерінен – қолөнер бұйымдары тасымалданды.

Алтын Орда сол кезеңдегі көптеген мемлекетке қарағанда өз дамуында стратегиялық ашықтық қағидатына берік болды. Бұл ұстаным қалалардың тұрпатынан да анық байқалды. Себебі ұлыс гүлденіп тұрған заманда қалаларды биік қамалмен қоршап, тұйықтау болған жоқ. Әр қала қарқынды сауда орталығы ретінде адамдардың еркін қозғалысына бейімделіп, дамыды. Бұл тәжірибе дала мен қала арасында қақтығыстар толастамады деген аңыз әңгімелерді түбегейлі жоққа шығарады. Керісінше, осы байланыстар орта ғасырдағы ең оңтайлы мемлекеттілік үлгісінің негізін қалады.

Алтын Орда дәуірінен қалған қалалардың материалдық-мәдени мұралары – соның айқын көрінісі. Ғалымдардың мәліметіне сәйкес, алып империяның құрамында жүзден астам шаһар болған. Алтын Орда дәуірінде қала тұрғындарының тұрмысын жақсарту үшін озық инженерлік тәсілдер қолданылды. Мұны түрлі археологиялық қазба жұмыстарынан анық байқауға болады.

Сол замандағы өндіріс пен құрылыстың қарқынды дамығанын Алтын Ордада жасалған кірпіштердің Ертіс пен Дунай аралығында кеңінен қолданылғанынан аңғаруға болады. Еуразияның түкпір-түкпіріндегі іскер адамдардың сауда жасауына, кәсіппен еркін айналысуына қолайлы жағдай жасалды. Осылайша, Жошы ұлысы алғашқылардың бірі болып жаһандық нарық қалыптастырды. Сол арқылы бүкіл аймақтың өсіп-өркендеуіне жол ашты.

Әрине, мен ұсынған зерттеу бағыттарымен шектеліп қалуға болмайды. Мен сіздер секілді көне дәуірді зерттеп жүрген тарихшы-ғалым емеспін. Қазіргі таңда Алтын Орданың тарихын тек әскери-саяси тұрғыдан бағалаудан аулақ болып, оның рөлін жаңаша пайымдау керек. Бұл – осы бағыттағы ізденістердің аясын кеңейтуге септігін тигізетін бағдар ғана.

Жошы Ұлысының мол зияткерлік және рухани дәстүрі, тиімді басқару институттары мен дамыған экономикасы болды. Осы алып өркениеттің қыр-сырын толық ашу маңызды. Бұл өткенді ғылыми тұрғыдан қайта зерделеу, сондай-ақ, Орталық Еуразия халықтарының мемлекеттілік бастауын, бірегейлігін және ортақ тарихын терең түсіну үшін қажет.

***Құрметті ғалымдар және сарапшылар!***

Баршаңызға белгілі, Қазақстан соңғы жылдары ауқымды саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асырып жатыр. Мұның еліміз үшін аса маңызды және өте жауапты қадам екені сөзсіз. Сондықтан біз алдымызда тұрған міндетті де жақсы түсінеміз: сана өзгермей, қоғам да жаңғырмайды, мемлекет те өркендемейді. Бұл – ақиқат.

Соның ішінде тарихи сабақтастықты сақтау мәселесі аса өзекті. Онсыз ешқандай даму болмайтыны анық. Өткенге құрметпен қарамасақ, жарқын болашаққа қарай бет алу да қиын болмақ. Сол себепті біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарай нық сеніммен қадам басамыз.

Жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Конституцияда мыңдаған жылдарға созылатын тарихы бар Ұлы дала сабақтастығын сақтау қастерлі парыз екені нақты көрсетілді. Өйткені біз – мемлекет ісінде «Мәңгілік ел» идеясын ту еткен Алтын Орданың тікелей мұрагеріміз.

Алтын Орда мұрасы – ұшан-теңіз. Біз осы алып рухани, тарихи қазынаны XXI ғасырға бейімдеп, жаңғырту үшін жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Менің бастамаммен Қазақстанда Жошы Ұлысын зерделеу институты құрылды. Бұл – осы тақырыпты терең зерттеумен айналысатын тұңғыш ғылыми мекеме. Қазіргі таңда әзірленіп жатқан Қазақстан тарихының академиялық жинағында алғаш рет Алтын Ордаға жеке том арналып отыр.

Жошы Ұлысының мол тарихи-мәдени мұрасын жұрт жадында жаңғырту үшін фильмдер түсіріліп, кітаптар шығарылып жатыр. Сондай-ақ спектакльдер де қойылып, ескерткіштер орнатылып, көрмелер өткізілуде. Алайда Алтын Орданың мән-маңызын терең зерделеп, оның тарихи рөлін жан-жақты насихаттау үшін мүлде жаңа, яғни, халықаралық ауқымдағы жұмыс істелуі қажет.

